

«Есіңе мені алашсың!»

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында айтарын айтып, жазарын жазып кеткен Мұқағали ақынның туғанына биыл 85 жыл толды. Әр жылы 9 ақпан күні ел көлемінде аталып өтетін ақынның туған күнінен екібастұздықтар да шет қалмады. Ақын рухына арналған шара қаламыздағы С.Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебінде жоғары деңгейде өтті. Оқушылар мен ұстаздар қауымы бар ынтасын сала ұйымдастырған шараны жүргізуші Гүлбаршын Сейітова Мұқағали ақынның өз дауысымен оқыған өлеңдерімен бастады. Одан кейін ақиық ақынның өмірі мен өнері жайлы деректі бейнебаян көрсетіліп, қолына қалам алып жыр жазып жүрген, сондай-ақ, өлең оқуға, ән айтуға құштар балдырған оқушылар сахна төріне көтеріліп, Мақатаев өлеңдерін мәнеріне келтіре оқыды. Мектептің музыка мұғалімі Мәдина Боранова және басқа ұстаздар ақын өлеңдеріне жазылған әндерді домбыраның сүйемелдеуінде хормен орындап шықты. Кеш қонағы – ақын Сайлау Байбосынов ақын рухына арнаған өз өлеңін оқып, ақын жайлы қызықты естеліктерімен бөлісті. Ал әнші Жәнібек Мәліков әуелете ән салды. Кеш барысында театрландырылған көрініске де кезек берілді.

Өткен аптада «Өнер» қалалық мәдениет орталығының үлкен залында «Аққудың қанатында жазылған жыр» атты қалалық мәнерлеп оқу, мақамдап айту байқауы өтті. Байқауға колледждердің студенттері қатысты.

Өлең оқу – үлкен өнер. Өлеңді нәшіне келтіріп оқи білетін адам, ән айтпаса да, өзінің дауыс ырғағын құбылтуымен, көмейден шыққан дауысқа ән салғандай әр беру ерекшелігімен айқындалса керек. Осылайша, ақынның терең тебіренісін, тағдырлы толғанысын, шарықтау сәтін, шабытты сағатын, бірде серпінді, бірде нәзік сезімін дөп басуы тиіс. Бұл талаптар үдесінен шыққан жастар жетерлік. Әсіресе, көрермен өзіндік дауыс мәнері бар Әлпеш Рахымберді, Тілеген Мейрамбек, Әния Жетпісбаева, Қуаныш Әлішевке ықыласпен қол соқты. Мұқағалидың орыс тіліне аударылған «Хранитель» өлеңін Тимофей Крюковский тәуір оқи білді. Қазылар алқасы байқау жүргізушісі – ЕКИНҰ студенті Жандос Баратовтың ерекше дауыс мақамын атап өтіп, разылық білдірді.

Қазылар алқасының шешімімен Тілеген Мейрамбек (тау-кен колледжінен) – I, Әмина Қайыргелдинова мен Қадыр Айтуған (политехникалық колледж) – II орын, Махаббат Әлкенова III орынды иеленді.

Жұмағали Қоғабай

Орталық кітапхана қызметкерлері өткізген «Мен өмірге жырлау үшін келгенмін» атты шарада тау тұлғалы ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері оқылып, сөзіне жазылған әндер шырқалды. Шараға қатысқан қонақтар студент-жастарды ақын өмірі жайлы тың деректермен сусындатты. №25 қазақ қыздар гимназиясының оқушылары мен ЕКИНҰ-нің студенттері ақын өлеңдерін мәнеріне келтіре оқыса, «Кәусар» әжелер тобы ақынның сөзіне жазылған «Саржайлау» әнін шырқады.



№22 гимназия-мектебінде өткен кеште.
Суретті түсірген: Рымбек Егінбайұлы

Атығай мектебінде «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өтті

Жанақбай Тілегенұлы «Мұқағали рухына» атты арнау өлеңін оқыды

№18 мектепте өткен «Бір өлеңі – бір әлем» атты әдеби-сазды кешке мектеп кітапханасы жанынан құрылған «Жас талап» поэзия үйірмесінің мүшелері мен 6-сынып оқушылары қатысты. Қыран тағдырлы ақын – Мұқағалидың өмір жолынан интербелсенді тақтадан бейнероликті деректер беріліп, Қазақ радиосының «алтын қорында» сақталып қалған өз дауысымен оқыған өлеңдерін тыңдадық.

Мектебіміздің ұстазы Тілегенұлы «Мұқағали

«Саржайлау» әнін шырқады.

Ақынның туған күніне арналған кеш «Атамұра» мәдениет орталығында да жалғасты. Кешті «Кәусар» әжелер тобы «Есіңе мені алғайсың», «Саржайлау» әндерімен бастады. Жыр сүйер қауымға ақынның өмірі туралы бейнебаян көрсетілгеннен кейін, Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ колледжінің студенттері, «Зерде» дарынды балалар мектебі мен №25 қазақ қыздар гимназиясының оқушылары ақын өлеңдерін оқыды. Ақын, №18 мектептің мұғалімі Жанақ Тілегенұлы ақын рухына арналған өз өлеңін көпшілікке паш етсе, Қоянды ауылының мәдениет қызметкері Қазына Алпысбаева ақынның «Сөнбейді әже шырағың» атты өлеңімен бөлісті. Сазгер, әнші Жомарт Қабыкенұлы ақынның сөзіне жазылған «Сәби болғым келеді», «Фариза» әндерін, Алмагүл Жүгінісова «Дарига, домбырамды берші маған» әнін домбыраның сүйемелдеуінде шырқаса, Дархан Елубаев «Мен деп ойла!» әнін әуелетті.

Атығай мектебінде «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өтті.

Оқушылар ақын мұраларынан сусындап, ол туралы естеліктер тыңдады. Шараға мектебіміздің 1-11-сынып оқушылары қатысып, ақынның өлең-дерін оқыды. Мұқағали жырларынан туған әсем әндер шырқалды. Сонымен қатар, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына көрініс қойылды.

Күлиман Шугайқызы, Атығай мектебінің кітапханашысы

Ақынның 85 жылдығына арналған шара қалалық тарихи-өлкетану музейінде де өтті. «Бір өлеңі – бір елдің мұрасындай» атты еске алу кешіне Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын-журналист Сайлау Байбосынов, Мақатаев өлеңдерін сүйіп оқитын, жүрегі жыр аңсайтын азамат Ержан Түсіпбаев, сондай-ақ, «Аманат» әдеби-интеллектуалды клубының өлеңсүйер бір топ жастары қатысып, өздерінің жырларымен бірге ақын өлеңдерін жатқа оқыды.

С.Байбосынов Мұқағали ақынның көпшілік біле бермейтін кей қырларын, оның Фариза Оңғарсыновамен рухани достығы жайында әңгіме шертті. Ақын жайлы тың деректерді көпшілік назарына ұсынды. Өлең десе құлағы елеңдейтін жаңа толқын, жас буын М.Мақатаев өлеңдерін оқып қана қоймай, тереңіне бойлауы керектігін айтты. Кеште С.Байбосын «Үйімнің төрінде Мұқағалидың суреті ілулі тұр» өлеңін оқыса, Ержан Түсіпбаев ақын рухына арнаған «Қазақ поэзиясының пайғамбары» өлеңін тыңдарман назарына ұсынды.

Жанақбай Тілегенұлы «Мұқағали рухына» атты арнау өлеңін оқыды. Мектебіміздің кітапхана меңгерушісі С.Тасболатова Мұқағали Мақатаевтың шығармаларымен таныстыру үшін «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Соңынан мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сильева мен кітапхана қызметкері Ә.Хамзина кешті қорытындылады.

«XXI ғасыр – менің ғасырым» деп кеткен Мұқағали жырлары шынымен де уақыт алға озған сайын бұрынғыдан да көбірек оқылып, өлеңдеріне әндер жазылып, құдіреттілігімен тәнті етіп келеді.

**Әмина Хамзина,
№18 мектеп кітапханашысы**

**Ақын күнделігін
ақтарып, поэзия
кештерінің қонағы
болған:
Бектұрған ЛАҚАДЫЛ**

